

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 қарашадағы № 295 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасы және 69-бабына, "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Әулиекөл аудандық жер телімін беру жөніндегі комиссия отырысының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 22 хаттамасы және жерге орналастыру жобасы негізінде Әулиекөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Су құбырына қызмет көрсету мақсатында Қазанбасы ауылдық округінде "Әулиекөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Қазанбасы ауылдық округінің аумағында орналасқан ауданы - 2,9 гектар жер участке сіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Әулиекөл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауга жіберуді;

2) Осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін Әулиекөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әулиекөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов